

«Бетке ұстасақ – беделің қандай еді, арқаға ұстасақ – панан қандай еді»

1958 –ші жылдың күзі. Мен КазГудың экономика факультетінің 4-ші курсына оқып жүрген кезім. Сол жылы біздің факультеттің бірінші курсына үш қыз келіп оқуға түсті. Үшеуі үш жақтан – Күлзада Тараздан, Қалтай – Талдықорған облысынан, Нағытай – Жезқазғаннан. Әр жерден келгенімен үшеуі бір-бірімен тез танысып, айырылмастай дос болып, біздегі қоғам жұмысына белсене араласып кетті. Мен сол кезде факультеттегі комсомол ұйымының хатшысы болатынымын, сондықтан да осы қыздармен таныстығым біздің ұйымның жұмысына олардың алғашқы қатысуынан басталды.

Кешікпей Қалтайға басқа оқу орындарында оқып жүрген жерлестері келе бастады. Жетісудың ең бір шұрайлы өңірі Талдықорған, сол өңірден түлеп ұшқан жастар бауырмашыл болды ма, әлде қыздың көркі тартты ма, оған біраз студенттер келіп жүрді, мен де олармен сәлемдесіп жүрдім. Солардың бірі Көшекең – Көшкінбай Жанатов болатын. Ол сол кезде Қазақ ауылшаруашылығы институтының 3-ші курсының студенті еді.

Міне, сол 1958 –ші жылдың күзінен Көшекеңмен алдымен таныстығымыз, айырылмас достығымыз басталды. Қалтай – Көшкімбай, Нағытай – Кенжеғали болып қатар шаңырақ көтердік, балалар бірге өсті, дастарқан ортақ жайылды. Сөйтіп, 48 жыл бойы бір-бірімізден іргеміз айырылған жоқ, біреуіміз ауылда, біреуіміз қалада қызметте болсақ та, өмірдің қандай қилы кезеңдері болмасын бір-бірімізден көз жазып қалған жеріміз жоқ. Міне, осындай сырласым, аяулы досым бүгін ортамызда жоқ, мен ол туралы естелік жазу үстіндемін. Өмір-ай десеңші.

Көшекең бір отбасының тұңғышы еді. Артынан Жәкең – Жанат ақсақалдың шаңырағында Сара, Асыл, Керімбай, Нюралар туды. Аналары дүниеден ерте кетті. Сондықтан да балаларды өсіру, үй-тұрмыс қызметі әкесі Жанат ақсақалмен осы Көшекеңде болды. Ардақты Жәкең ерекше бір бекзат кісі еді, барынша мейірбан, ауылдастарына өте сыйлы, бала десе барлық ізгі ықыласымен соның үстінде болатын өте мейірімді әке де, ата да болатын. Нағытай екеуіміз үйіне қанша барсақ та құшағын айқара ашып, қасқайып тұрып, күле қарсы алушы еді. Жас кезіміз, Көшекеңмен өте жиі араластық, Жәкең жылы алақанымен үзбей маңдайымыздан сипады. Сөйтіп, Көшкімбаймен бірге Жәкеңнің күпісінің астында аса бір шуақты күндер өткізіп едік.

Жанат ақсақалдың тұңғыш баласы дүниеге келгенде қалжаға қаражат іздегені туралы айтқан әңгімесі әлі есімде. 1936 –шы жыл. Ауылдағы тұрмыстың өте ауыр кезі. Колхоздың азды-көпті малын бағып Жәкең

ауылдан жырақ жерде жүреді. Бір күні Жанат әйелің босанды, ұл туды деп бір малшы одан сүйінші сұрайды. Жәкең қуанғаны сонша, атқа жайдақ мініп ауылға шаба жөнеледі. Біраз шапқаннан кейін атбасын тежеп, ауыр ойға түседі. «Осы мен несіне далбалақтап шауып келем. Үйде тамақ жоқ. Бала туып жатқан жұбайымның қалжасына соятын малым да жоқ. Құтты болсын айтып келген ағайынға дастархан жаюға да ештеңе жоқ. Қой бұлай болмас. Мына таудан асып Қытайда отырған ағайындарға барайын. Тұңғышымыздың несібесін солармен жүздес көрермін» деп, атбасын бұрып күндік жердегі сол ағайындарға тартып кетеді.

Келе ағайындарға жаңалығымды айтып, шәй-су ішкеннен кейін сол ағайындардың ежелгі кәсібі ақша тігіп карта ойнауға кірістік. Үш күн, үш түн карта ойнадық, қолым жүріп, қойны-қоншым ақшаға толды, рұқсат сұрап, елге қайттым. Қалжа да, той-томалаққа да қаражат жетті. Сөйтіп осы тұңғышым Көшкімбайым өз несібесін молынан дүниеге ала келіп еді дейтін Жәкең ақсақал.

Жәкеңнің ерекше балажандығы туралы тағы бір көрініс есімнен кетпейді. Бір күні Жаңалықтағы Жәкең үйіне кіріп келсем үстінде қалың күпісі бар Жәкең маған бөлменің ішінде бір олай-бір былай аунап жатыр екен. Екі иығына екі адам мінгендей, өте зор, денелі кісінің оның үстіне сырт киімін шешпей аунап жатқанын көріп аң-таң қалдым. Сөйтсем, тұңғыш немересі Ләззат атасына шешінуге мұрсат бермей, аунауды талап еткен екен, Жәкең әрі сүйікті, әрі тұңғыш немересінің бұйрығын мүлтіксіз орындауға кіріскен сәті екен. Балаларының, немерелерінің қызығын ұзағынан, молынан көруге тағдыр Жәкеңе жазбады. Ертеден қара кешке дейін, ыстықта да, суықта да қолхоздың бітпес бейнетінде жүрген Жәкең дүниеден ерте кетті.

Жәкең бойындағы бекзаттық, үлкен парасат қырлары балаларына дарыды. Тұңғышы Көшкімбай қарапайым шаңырақтың қара домалақ перзентінен бүкіл бір өңірдің сөз ұстайтын ағасы, өскелең ұрпақтың ақылшысы дәрежесіне жетті. Көшекеңнің бар саналы өмірі ауылда өтті. Ауылшаруашылық институтын бітіріп, агроном мамандығын алғаннан кейін есіне келіп, комсомол-жастар бригадасының бригадирі қызметін атқарды. Абыройлы атқарды, белсенді жұмыс жасады, ізденістері мол болды. Солардың арқасында іскер азамат ретінде есімі сол өңірге Жәкең таныла бастады.

Нәтижесінде совхоз директоры қызметіне көтерілді. Менің совхозда, Қарабөгетте бір емес, бірнеше рет болғаным бар. Алғашында өте жұпыны елді мекен еді, малы аз, техникпен ескірген, үйлері тозған ауыл еді. Жастары да ауылдан гөрі басқа жақты тұрақтауға құмар еді. Көшекең сол елде 11 жылдан аса директорлық қызмет атқарды. Аудан, облыс, республика

орталығының бәрінде болып, өзінің іс жоспарымен таныстырып, көмектесулерін сұрады. Әр лауазымды жерге тек етегін жайып, сұрау үшін кірген жоқ. Ауыл экономикасын тиімді дамыту туралы өз ойларын ұсынды, ғылыми бағдарламаларға сүйенді, ұтымды ұсыныстарды алға тартты. Білімі терең, іс-қимылда шеберлік көрсеткен басшының ұсыныс-тілектері жерде қалған жоқ, оған құлақ асып, қолдаушылар басқару жүйесінің әрбір сатысынан да табылды.

Соның арқасында Қарабөгет сәнді де мәнді мекен болып бой көтерді. Көптеген тұрғын үйлер, мәдениет сарайы, мал фермалары, сол заманның жаңа техникасы, тіпті шетелдік техника мен технологиялар бұрын артта қалған совхоздың бет-әлпетін, шаруашылық жағдайын күрт өзгертті. Істеген істердің нәтижесі көбейді, табысы молайды, ауыл тұрғындарының тұрмысы жақсара бастады. Орталығы асфальтталған, мәдени ошағы және мектебі бар елге жас ұрпақта тұрақтала бастады. Міне, осының бәрі Көшкімбай Жанатовтың шынайы басшылығының, оның ұйымдастыру қабілеттілігінің арқасында, түпкірде жатқан ауыл басшысының күндіз-түні тынбай сол ауылға жанашырлықпен, зор жауапкершілікпен жасаған еңбегінің арқасында болып еді. Көшкімбай Қарабөгеттің елдік еңсесін көтеріп, алдыңғы қатарға қосты, Қарабөгет Көшекеңнің есімін елге одан да жақсы танымал етіп, оның ауыл экономикасының білікті де білімді басшысы екенінің бірден-бір айғағы бола білді. Осы жылдары аудан, облыс, республика көлемінде де Қарабөгет совхозы, Көшкімбай Жанатов аты, олардың игілі істері жиі айтыла бастады.

Сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша осындай шебер басшы басқару жүйесінің тағы бір жоғары сатысына көтерілуі керек еді. Бірде Көшекеңді Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сақан Құсайынов шақырады. Совхоз басқарғандағы Көшекеңнің еңбегіне ризашылығын айтып, сізді не райсполком төрағасы, не аудандық партия комитетінің хатшылығына ұсынғымыз келеді. Қайсысын көңіліңіз қалайды дейді. Сақан Құсайын ұлын басшы ретінде де, азамат ретінде де тек мен ғана емес, бүкіл жетісу өңірі қатты сыйлайтын еді дейтін Көшекең. Айғай-шуы жоқ, елге жайлы, әрбір жасаған ісін жауапкершілікпен, облыс тұрғындарына жанашырлықпен жасайтын Сәкеңді ұсынысын қабылдамай ренжітіп аламын ба деп біраз отырдым.

Дегенмен көптеген ойымда жүрген ұсынысымды айтуға шешіндім.

«Құрметті Сәке! Ұсынысыңызға, менің қызметіме берген жоғары бағаңызға көп рақмет. Партия мүшесі ретінде қай жұмысқа жіберсеңіз де бас тартпаймын. Сонда да бір өтінішті айтқым келеді. Менің туған жерім мынау іргедегі Шұбар ауылы, XXII –ші партсъезд колхозы. Көп жылдар оны аты баршаға мәлім Нұрмолда Алдабергенов ағамыз басқарғанын жақсы білеміз.

Сол кісінің ерен еңбегінің арқасында біздің Шұбар тек біздің облыста, республикада емес, бүкіл Совет Одағы көлемінде мақтанышпен бетке ұстар шаруашылық ұжымы болып еді. Ауылдың 18 қызылшасысы Социалистік Еңбек, ал Нұрмолда ағамыз осы жоғары атақты екі мәртебе алып еді. Сол елдің бүгінгі жағдайы көңілімізден шықпай тұр. Басшылары да жиі айтады. Біраз тәжірибе жинадым, сол тәжірибемді туған еліме барып шамам келгенше Нұрекеңнің ізгі істерін жалғастыруға жұмсасам ба деген ойым бар еді» - дедім. Сәкең біраз ойланып отырды да, бұның қолдауға тұратын ұсыныс екен, XXII - XXII – ші партсъезд колхозының шаруашылығы түзеліп, бұрынғыдай баршамызға озық үлгі болуы бір азаматқа оңай да жеңіл де міндет емес. Егер колхозшылар Сізді басшылыққа сайлап жатса, облыстық партия комитеті қарсылық көрсетпес, жолыңыз болсын деді.

Бұл әңгіме осыдан 28 жыл бұрын болған еді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күніне дейін Көшекең өзінің туған жерінде, бұрын XXII – ші партсъезд атындағы колхозға, кейін ол ат өзгертіліп, Нұрмолда Алдабергенов атындағы ұжымшарға басшылық етті. оның 15 жылы Қазақстандағы өте күрделі өзгерістер жылдары болды. Ел егемендік алды, бұрынғы қалыптасқан шаруашылық жүйесінен бас тартып, нарық экономикасына көшуге бет алдық. Дегенмен егемендіктің алғашқы жылдары көптеген қиындықтарды бастан кешірдік. Одақ тарады, сонымен 70 жыл қалыптасқан экономикалық қатынастар үзілді, басқа республикалардан алатын құрал-жабдықтар күрт тоқтады, баға еселеп өсті, осының салдарынан тұрмыс төмендеді. Осылардың теріс салдары әсіресе ауылға көп әсер етті. Қолдағы малын киімге, қантқа, шәйға жұмсауға мәжбүр болған көптеген шаруашылықтар тез арада малдарынан айырылды. Техникасы жоқ, немесе тозған ауылдардың жері жыртылмай, егін алқабы күрт қысқарды. Тыңайтқыштың бағасы шырқырап өскеннен кейін жер дұрыс өңделмей, түсім күрт азайды. Шағын мектептер жабылып, көптеген балалар оқудан тыс қалды. Жанар – жағармайдың тапшылығынан және бағасының тым көп өсуінен елді мекендерде мінетін де, жұмысқа салатын да көлік пен техниканың көпшілігі тоқтап тұрды. Осыдан барып бұрынғы колхоздар мен совхоздардың, ауылға қызмет істейтін кәсіпорындардың көбі күйзеліске ұшырады. Олардың көпшілігі тарап, жеке шаруашылықтар құрыла бастады.

Жоғарыда айтылған қиындықтарды Көшекең басқарған ұжымшар да басынан өткізді. Оның үстіне Шұбардың тұрғындарының үлкен бір бөлігі неміс ағайындар еді. Техникаға өте жақын және оны жетік білетін осы ағайындардың колхоз шаруасына қосқан үлесі зор болатын. Аталған ағайындар еліне, Германияға жаппай көше бастады. Шұбарды жұмыссыздық емес, жұмыс істейтін кәсіби мамандығы бар адамдардың жоқтығы күйзелтті.

Оның салдары шаруашылықтың барлық саласына теріс әсерін тигізді. Сол бір қиын кезеңде дұрыс бақылайтын мамандардың жоқтығынан аз уақыт ішінде ұжымшардың 1000-нан астам сиыры туберкулез ауруына кезігіп, пышаққа ілікті.

Міне дәл осындай ауылға келген қиын кезеңдерде Көшекеңнің жігер-қайратының, іскер басшылығының, туған еліне жанашырлығының жаңа қырлары көріне бастады. Жекешелендіру ұранына бас ұрмай, елін таратпай, ортақ мүддесі, ортақ жұмысы бар ұжымшар ретінде сақтай білді. Елде болып жатқан жаңалықтарға бой, жаңа техника мен технологиялар әкелуге тырысты, жер жерден іздеп жүріп пышаққа ілінген малбасының орнын толтырды, нарық экономикасының дәстүрі мен талабын өз ауылдастарына таныстырып, енгізу бастады. Ауыл тек қана мал мен егін емес, ол мектеп, мәдени орындар, бау-бақша, өткенге ескерткіштер, таза ауыз су, үзілмейтін электр жарығы, жақсы күтілген жолдар, тағы тағылар. Осылардың бәрі жетіспей, егемендіктің алғашқы қиын жылдары тоз-тоз боп тарап кеткен ұжымдар Қазақстанда аз болған жоқ. Көшекең болса атақты Шұбарын аман сақтай білді. Қиыншылығы көп болғанымен Шұбар бұрынғысынша қонақ түсетін, алқалы жиындар өтетін, өз өлкесіне үлгі ұжымшар қалпын сақтай білді. Қазір, қиындықтың көбі артта қалған Шұбардың шаруашылығы жан-жақты дамып, келешегі бұдан да жарқын бола бермек. Осының бәрі Көшекеңнің тікелей басшылығымен, оның ерен-еңбегінің арқасында болды десек қателеспеспіз.

Жанатовтың ауылды ұзақ жылдар басқарған мол тәжірибесі, ол қолданған ұтымды шешімдер, ол қалыптастырған озық үлгілер бүкіл республика дәрежесінде көріне де, айтыла да бастады. Республика көлемінде Крестьяндар (шаруалар) Одағы құрылды, көп жыл сол одақты жемісті басқарды. Жоғары Кеңестің депутаты болып бірауыздан сайланды. Осы қызметтерінде ауылшаруашылығында болып жатқан реформаларға, осы саладағы қабылданып жатқан бағдарламаларға өз үлесін қосты. Біздің мәртебелі Президентіміздің, Үкіметтің жиналыстарында, республикадағы ауылшаруашылық басшыларының әр жылғы алқалы жиындарында сөз сөйлеп, ұтымды ұсыныстар айтқанының талай куәсі болдым. Одақ көлемінде де Көшекеңнің аты аталып, құрмет көрсетіле бастады.

Ал енді өзінің туып-өскен Жетісу өңіріне келсек, ол сол елдің жанашыр ағасы, ақылгөй ақсақалы болып қалыптасты. Мінезге бай, парасаты мол, әрбір қадамын сабырлықпен басатын, адал да таза азамат, қажымас еңбекқор Көшекең деген ел құрметінің өткен жылы оның 70 жылдығын Талдықорғанда тойлағанда куәсі болдық. Той, бір сөзбен айтсақ, сол елдің құрметті ағасының тойы болып өте көңілді өтті. Көшекеңді тек қана Жетісу

емес, бүкіл қазақ елі болып құрметтеп, қадыр тұтатынының айғағы да сол той болды.

Президентіміз Нүрекең Көшкінбай Жанатовты Қазақ ауылының көрнекті басшыларының бірі ретінде өте жоғары бағалады. Республикадағы ауыл шаруашылығының әр кездегі көш басшылары Ахметжан Есімов, Серік Үмбетов, Балташ Тұрсынбаевтар қатты құрметтеді. Қазақ зиялыларының атақты өкілдері Әбділдә Тәжібаев, Мағаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин, Сақтаған Бәйішов ағаларымыз Көшекеңнің азаматтық болмысына сүйсіне қарайтын.

Сөйтіп ол республика жұртшылығына белгілі тұлға болып қалыптасты. Жергілікті жерлердегі колхоз басшыларының көбі бұндай дәрежеге жеткен жоқ. Ол дәрежеге жеткендер санаулы-ақ. Олар Нұрмолда Алдаберген, Боштай Кітәпбаев, Николай Головацкий, Зылиқа Тамшыбаева, тағы басқа санаулы-ақ азаматтар. Міне, солардың қатарында жарты ғасырға жуық ауылшаруашылығында тынбай басшылық қызмет еткен Көшкінбай Жанатовтың да дербес орны бар.

Көшекеңнің отбасына келсек, оның сүйген жары Қалтай туралы айтпай кетуге болмайды. Бір анадан туған Қалтай, Қабытай екі қыз әке-шешеден ерте айырылып, бір-біріне сүйеу болып ерте есейді. Қалтекеңнің бойында қазақ қызына біткен нәзіктік, сыпайылық, мейірімділік, бауырмашылдық алыстан-ақ бой көрсетіп тұрады. Осының арқасында өз отауына да, қоршаған ортасына да өте сыйлы. Жоғарыда Көшекеңнің ауылға жасаған тынбай еңбегін айттық. Алдын-артына, үйдің, балалардың кішігірім жұмыстарына қарамай Көшекеңнің өзіне үкімет тапсырған жауапты қызметті жемісті атқаруының астарында да оның жұбайы Қалтайдың шынайы қамқорлығы мен еңбегі жатыр. Қарабөгетте де, Шұбарда да өз мамандығымен экономист болып қызмет істеген Қалтекең сонымен ғана шектеліп қоймайтын. Ауылдың әр тұрғынының тұрмыс – жағдайын біліп, оларды дұрыстауға жасаған шаруаларының талай куәсі болды. Басшының жұбайы ол басқарған елдің қамқор анасы ретіндегі қызметін сол елді мекендердің тұрғындары мақтанышпен айтып жүретін. Сондықтан да болар, көшекең басқарған ауылдардың ұйымшылдығы берік, айқай-шусыз баласы оқуға барып, жасы отау тігіп, кәрі-құртаңы емделуге жіберіліп, тойы бірге, қуанышты ортақ, басқа түскен қайғыны бір адамдай болып көтеріп жататын. Осындай шауғы мол ортаны жасауға Көшекең де, Қалтай да белсене араласатын.

Міне осындай абзал азамат бүгін ортамызда жоқ. Артында балалары, немерелері, ағайын-туыстары, достары, өзі адал қызметін арнаған елі қалды. Көшекеңмен қоштасар сәтінде бір ағайынның айтқан сөзі әлі есімде «Қош,

Көшеке, Алға ұстасақ беделің қандай еді, артқа ұстасақ панаң қандай еді». Мен де осы пікірге толық қосыламын.

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты, академик
Кенжеғали Сағадиев